

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 234 (9296)

1953

жылғы

25

ноябрь

Сәрсенбі

Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Мәдениетті совет саудасы үшін

Партиямыз бен үкметіміз халықтың үздіксіз өсіп отырған әл-ауқат және мәдени қажеттерін барынша толық қанағаттандыруға үнемі көңіл бөліп, зор қамқорлық жасап отыр. Еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін онан әрі жақсарту мақсатында партиямыз бен үкметіміз көпшілік тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларын өндірісін ұлғайту, олардың сапасын жақсарту жөнінде шұғыл шаралар белгілеп, жүзеге асыруда.

Халықтың көпшілік тұтынатын барлық товарлармен қамтамасыз етілуін мықтап арттыру, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын онан әрі жақсарту жөніндегі шұғыл міндеттерді ойдағыдай орындауға тоғай айналымын барынша өрістетудің және мемлекеттік, кооперативтік, колхозтық сауданы ұйымдастыру ісін мейлінше жақсарту тәсілдерін ерекше зор маңызы бар.

Міне, сондықтан да партиямыз бен үкметіміз жуырда «Совет саудасын онан әрі өрістетуге шаралары туралы» қаулы қабылдап, совет саудасын мықтап өркендетудің барлық шараларын белгілеп берді. ССРО Министрлер Советі мен СӨБП Орталық Комитеті өзінің бұл қаулысында біздің елімізде товар айналымы үздіксіз өсіп отырғанда халықтың бірсыпыра товарларды керексіздігі әлі де болса толық қанағаттандырылмай отыр деп атап көрсетті. Сауданы ұйымдастыруда ірі кемшіліктер бар. Партия мен үкметтің жоғарыда аталған қаулысы ағұндай кемшіліктерді дереу жойып, совет саудасының жедел өркендеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

«Кәзіргі уақыттағы міндет, — делінген ол қаулыда, — совет саудасын өркендету ісін мықтап алға бастыру және таяудағы 2—3 жылдың ішінде әрбір қала мен өрбір келілік ауданда халыққа керекті барлық товарлардың үздіксіз сатылуын қамтамасыз ету, сатып алушыларды қамту ісін едәуір жақсарту, тұтынушылардың үздіксіз өсіп отырған тілектерін қанағаттандыруды қамтамасыз ету, кәзіргі замандық техника жағынан жабдықталған сауда кәсіпорындарын көп ашу және өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін барған сайын саны көбейіп отырған тұтыну заттарын тұтынушыларға тез жеткізуді ұйымдастыру болып табылады».

Бүгін еліміздегі сыяқты біздің облысымыздың еңбекшілері де партиямыз бен үкметіміздің «Совет саудасын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын зор

деңісін арттыру, еңбекшілерді көпшілік тұтынатын товарлармен толық қамтамасыз ету жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамайды. Аталған сауда ұйымының өнеркәсіп орындарымен байланысы нашар. Соның салдарынан магазиндер мен асханаларда көпшілік тұтынатын жоғары сапалы өнеркәсіп және азық-түлік товарларының түсуі қанағаттанғыз болып келеді. Бұл тікелей товар айналымы жоспарының нашар орындалуына әкеліп соғуда.

Қоғамдық тамақтандыру орындарының жұмысында да елеулі кемшіліктер бар. Бірсыпыра көпшілік тамақтандыру орындарында сауданың ұйымдастырылуы мүлде қанағаттанғызсыз. Мұны, әсіресе, асханалар мен ресторандар тәрізіндегі (директоры Лопатков жездас) бірқатар көпшілік тамақтанатын орындары туралы айтуға болады. Трестікке қарасты бірқатар асханалар мен ресторандарда тамақтың дайындалу сапасы нашар. Тамақтың ассортименти көбінесе бірдей болып шығады. Тамақ ішуге келушілер мәдениетті қамтылмайды. Асханаларға келушілер тамақтану және салқын тағам алу үшін көп уақыт жұмсауға мәжбүр болады.

№ 8 асханала жағдай дәл осындай. Мұнда тамақ үнемі дәмсіз әзірленеді. Тамақ дайындаудың белгіленген нормасы үнемі орындалмайды. Тамақтанушыларды қамту ісі де нашар. Бұл жөнінде тамақтанушылар асханаларға талай рет шағымдар мен ұсыныстар жасаған. Алайда, асхана басшылары (директоры Сизикова жездас) ұрған ешбір құлақ аспай, тамақ әзірлеуде және тамақтанушыларды қамтуда осы күнге дейін кемшіліктерге жол беріп келеді. № 21 асханалда тіпті советтік сауда принципінің бұрмалануына жол берілген.

Сауда орындарының жұмысындағы мұндай кемшіліктерге бұдан былайғы жерде төзуге тиіс болмайды. Совет саудасының онан әрі мықтап өркендеуін қамтамасыз ету — партия, совет және кәсіподақ ұйымдарының ең маңызды міндеттерінің бірі. Жеткілікті партия, совет және кәсіподақ ұйымдары магазиндер мен асханалардың жұмысына күнбе-күн бақылау жасап, совет саудасын принципін бұзушыларға қарсы батыл күрес жүргізуге, сауда орындарының жұмысындағы кемшіліктерді жөндеу үшін, оны жоюдың тиісті шараларын белгілеп отыруға, сөйтіп, еңбекшілердің мінсіз қамтылуын қамтамасыз етуге жеткілікті міндетті. Ауыл шаруашылығы сауда жұмысында да елеулі кемшіліктер бар. Бірсыпыра көпшілік тұтынатын товарлармен толық қамтамасыз ету жөнінде жеткілікті қамқорлық жасамайды. Аталған сауда ұйымының өнеркәсіп орындарымен байланысы нашар. Соның салдарынан магазиндер мен асханаларда көпшілік тұтынатын жоғары сапалы өнеркәсіп және азық-түлік товарларының түсуі қанағаттанғыз болып келеді. Бұл тікелей товар айналымы жоспарының нашар орындалуына әкеліп соғуда.

## Көктемгі егіске әзірлік

### Қар тоқтатуға әзірленудеміз

Келесі жылы барлық дақылдардан мол өнім алуды қамтамасыз ететін қысқы агротехникалық шаралардың бірі — егістік алаңдарға қар тоқтатуды дерезінде ұйымдастыру болып табылады.

Колхоз басқармасы қар тоқтататын қалқандар, үшбұрышты қар жыртқыштар жасау үшін колхоздағы таңдаулы шеберлерді бөлді. Ағаш шебері С. Бокатов, Н. Қыйқымбаев жолдастар қар тоқтататын қалқандар жасауда күндіз тапсырмаларын үнемі асыра орындай отырып, кәзіргі өзінде, 500 ден астам жаңа қалқандар жасады. Сол сыяқты, ұста Б. Таймышев, К. Биғылов жолдастар тракторға тіркейтін үшбұрышты қар жыртқыштар жасады.

Біздің бригада мүшелерінен егістік алаңдарға қар тоқтату жұмысын жүргізетін арнаулы адамдар бөлінді. Олар керекті көлікпен, снаптармен, құрал-саймандармен жабдықталды.

Кәзір қар қалыңдай бастады. Біз егістік алаңдарға қар тоқтату жұмысын бастағалы отырмыз. Мұның агротехникалық ережелерге сай жүргізілуі МТС-тің уақыттық агрономдарының алғашқы күнінен бастап, жұмыстың басы-қасында болып, үнемі басшылық жасап отыруын талап етеді. Сондықтан бұл мәселе МТС басшыларының есінде болғаны жөн.

Қысқы агротехникалық шараларды мұқият жүзеге асыра отырып, біз келесі жылдың егістерінен мол өнім алуды қамтамасыз етеміз.

**К. СҰЛЕЙМЕНОВ,**

Октябрь ауданы, «Бірлік» колхозының егіс бригадасының бригадирі.

### Әлі найқалуда

Сталин атындағы колхоздың басшылары (Булаев ауданы) келесі жылғы егіске тұқым әзірлеу жұмысына жете мән бермеді. Соның салдарынан мұнда тұқым әзірлеу жоспары орындалмай қалды. Бұған 700 центнер тұқымның жетіспеуі толық дәлел бола алады. Колхоз басшылары қартоп тұқымды әзірлеуге де көмексінді қарайды. Колхоз 475 центнер қартоп тұқымын дайындауға тиіс. Кәзір одан қолда бары 13-ақ центнер. Ал, көпжылдық шөп тұқымы мүлде дайындалмады.

Колхозда тұқым тазалау жұмысы да ойлағандай ұйымдастырылмай отыр. Тұқым

Совет саудасы — социалистік экономиканың өте маңызды учасоктерінің бірі, ал, совет саудасының қызметкерлері халыққа күнбе-күн қызмет көрсету жөніндегі құрметті міндетін атқаруға тиіс болып отырған социализм еңбекшілерінің бір отряды екені естен шығарылмасын.

## ССРО Конституциясы Күнін жаңа табыстармен қарсы алайық

### ★ КЕСТЕШІ ҚЫЗ ★

Әке-шешесінің қайтыс болуы себепті Ульяна Патрохина 1933 жылдың күзгі салқын күндерінің бірінде Соколов ауданында орналасқан ата-анасыз балаларды тәрбиелейтін үйге қабылданды.

Онда Ульянаның кінәсіне, тамақтануына, білім алуына толық мүмкіншілік жасалды. Бірақ, аурулықтың салдарынан өзі теңдес жастар арасында бола алмағанына кейде күйініп, назаланатын-ды. Ішінен өзі туралы «енді менің өзім сыяқты құрбыларыммен ойпан (қолуге, еңбек етуге, оқып білім алуыма болмайды) деп ойлайтын ол.

... 1948 жылдың орта шені. Соколовтағы балалар үйінің директоры Скрипай жолдастың алдында жақсы киінген біртеп жас жігіттер мен қыздар тұр. Бұлар өндіріс орындарына, фабрикаларға жұмыс істеуге және оқу орындарына барайын деп тұрған балалар үйінің тәрбиеленушілері.

Бұл жыйналудың қоспасына арналуына байланысты директор тәрбиеленушілерге өзінің өмірінен бірнеше оқиғаларды айтып, өздігінен қалай еңбек ету, білім толықтыру, қоғам жұмысына белсене араласу керектігін әңгімелейді.

—Еліміздің жастарына Совет Үкметінің жасап отырған қамқорлығын айта келіп, — ол сөзінің соңында, — сендер балалар тәрбиеленетін үйге келгенде кішкентай бөбек едіңдер. Кейбіреулерің ата-аналарыңды білмейтін болатысыңдар, Енді, міне ер жетіп өсейдіңдер, өз беттеріңмен өмір сүру жолына түстіңдер. Бірақ, осы мерзім ішінде Отанымыздың қамқорлығы сендерге ата-аналарыңның жоқтығын білдірген жоқ. Ол мәселен өсірді, киіндірді, оқытып білім берді.

Сендердің алдырыңдағы ендігі мақсат — Отан тәрбиесін ақтап, қай жерде, қандай ғана жұмыстар істесеңдер де шын көңілдеріңмен беріле істеп, Отанымыздың гүлдене беруіне өз үлестеріңді қосу, — деген болатын.

Сол кезде 9 класты бітіріп, 10 класқа көшкен тәрбиеленуші Ульяна Патрохина өзі теңдес құрдастарына қарап, өзінің өсірілгенін айта келіп, білім беріп, еңбек

далардың бәрине де осындай қамқорлық жасалуда. Менің «адам қатарына қосыла алмаспын» деген ойымның енді дұрыс еместігіне көзім жетті.

Ульяна шыққан бетте-ақ облыстық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне жолдама алған болатын. Ондағылар оның мамандығы жоқтығына байланысты қамсыздандыру бөлімінің жанынан ашылған оқу комбинатына жіберді. Онда Ульяна 2 жыл оқып, үлгідегі көпшілік киім тігу цехының мастері атағын алды. Бірақ, ол балалар үйінде болған кезінің өзінде көп әуестенген кесте тігу мамандығын тастаған жоқ.

Кейіннен ол қаладағы «9 Май» кәсіпшілік артелине кесте тігу ісінің үйренушісі болып орналасты. Ульянаның кестеші мамандығын меңгеруіне шебер Сергеева жолдас көп көмектесті.

Үйрену мерзімі 6 ай болса да коллективтің және үйретушінің көмегі арқасында Ульяна бұл жұмысты 3-4 айдың ішінде меңгеріп кетті. 7—8 айдың ішінде Ульяна көркем кесте тігу жұмысының күнделікті нормасын артығымен орындауға жетісіп, кесте тігу цехының мастері деген атақ алды. \* \* \*

...Артельдің кіре берісіндегі оңжақта орналасқан бөлмеде біртеп жас қыздар жұмыс істеп отыр. Олардың ішінде қолы қолына жұмдай кесте тігін отырған қызға көзін түседі. Бұл артель коллективінің мақтаншысы — Ульяна Патрохина. Оның жанына келіп бір нәрсені сұраған 2-3 жас қыз Ульянадан үйренушілер. Көркем кесте тігу ісінің мастері өзінің бұрынғы үйретушісі Е. Сергееваның өзіне айтқан «аз істесең де сапалы істеуге дағдылап. Қажетті, материалдарды түгел дайындап алмайынша, жұмысқа кіріспе, өйтпейінше жұмыс сағатын толық пайдалануға болмайды» деген сөздерін енді үйренушілерге өзі айтатын дәрежеге жетті.

Ульяна Патрохина өз ісінің шеберлігін күннен күнге арттыра отырып, ССРО Конституциясы Күні қарсаңындағы күндерде сменалық тапсырманы 200 проценттен орындап жүр. Кәзір ол 1954 жылдың

## Халықтық демократия елдерінде

### ★ КХДР Министрлер Кабинетінің қаулысы

ПХЕНЬЯН, 22 ноябрь. (СОТА). Бүгін Кореяның орталық телеграф агенттігі Корея Халық - Демократиялық Республикасы Министрлер Кабинетінің Канвон провинциясы еңбекшілерінің тұрмыс жағдайын жақсарту жөніндегі қаулысын берді.

Американдық қарулы интервенттерге қарсы үш жылға созылған отандық азаттық соғыста, делінген қаулыда, бұрын ұзақ уақыт бойы ұрыс ауданы болған Канвон провинциясы басқа провинциялардан гөрі қатты бомбалауларға, теңіз жағалауларынан атқылауға және бактериологиялық қаруды қолдануға ұшырады. Бұл провинцияның басынан кешірген үлкен қиыншылықтарын ескере отырып, Министрлер Кабинеті еңбекшілердің тұрмыстық дәрежесін жақсартудың кезек күттірмейтін шараларының кең программасын жасады. Көпшілік тұтынатын товарларды 1954 жылғы көптеп шығару мақсатымен провинцияда тамақ және тоқыма өнеркәсібін салу үшін, химиялық тыңайтқыштар мен ауылшаруашылық құралдар зауытын қалпына келтіру үшін жүз миллион вон қаржы бөлініп отыр.

Сол сыяқты, қаулыда құрылыс материалдарын шығаруды ұяғайту қарастырылған. Провинцияның ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі шаралардың жүйесі белгіленді. Таяудағы уақыт ішінде мемлекеттік жана шаруашылықтар, мал шаруашылығы фермалары, жылқы өсіру станциялары құрылады, сол сыяқты, бүліншілікке ұшыраған ауыл шаруашылығы учасоктері қалпына келтіріледі. Үкмет арзан бағамен шаруаларға мемлекеттік мал өсіру фермаларынан жұмыс көлігін сатады. Шаруалар банкі үйлер салу және мал сатып алу үшін шаруаларға ұзақ уақыттық қарыздар береді.

## Шығыс Қытайдағы алғашқы МТС

ШАНХАЙ, 22 ноябрь. (СОТА). «Цзефанжибао» газеті Шығыс Қытайдағы Цзяосянь уезінде (Шаньдун провинциясы) алғашқы машина-трактор станция-



сауда ұйымдарының коллективтері товар айналымын тездетіп, совет саудасының мәдениетін бұрынғыдан да арттыру жолында аялбай еңбек етуде. Әсіресе, қалада еңбекшілерді қамту ісін жақсартып, товар айналымы жоспарын мінсіз орындаған сауда орындарының саны барған сайын көбейіп отыр. Қаланың бірсыпыра сауда орындары товар айналымының осы жылғы 10 айға белгіленген жоспарын артығымен орындады. Бұл жөнінде жылу-электр орталығының жұмысшылары жабықтау бөлімінің коллективі айтарлықтай табыстарға жетті. Мұнда товар айналымының жоспары өткен 10 ай ішінде 111 процент орындалды.

Осы сияқты, сауданы ұйымдастыруда қаладағы шаруашылық есептегі № 41, № 55 магазиндер мен № 1 және № 4 асханалардың коллективтері де бірқатар игілікті жұмыстар істеуде. Олар сауда жұмысшының мәдениетін арттыру, тұтынушыларды мәдениетті қамту нәтижесінде товар айналымының тағайындалған жоспарын ай сайын артығымен орындауға жетісіп келеді.

Бірақ, сауда жұмысы барлық жерде бірдей көзгірі талаптарға сай ұйымдастырылып отыр дегуге тиісті болмайды. Облыс сауда ұйымдарының жұмысында әлі де болса ірі кемшіліктер бар. Әсіресе, магазиндер мен асханаларда тұтынушыларды қамту ісі тиісті дәрежеде емес.

Мысалға қалалық сауда мекемесін алайық. Бұл сауда орны товар айналымы жоспарын ай сайын орындай алмай отыр. Осы жылдың өткен 10 айы ішінде қалалық сауда мекемесіндегі шаруашылық есептегі 22 магазиннен 9 магазин ғана товар айналымының жоспарын орындады. Бұл недейтін? Оның себебі — қалалық сауда мекемесінің басшылары (меңгерушісі Щеголев жолдас) сауда жұмысының мә-

мысын үлгілі ұйымдастырып, тұтынушыларды, әсіресе, аялшыларды барлық товарлармен мол қамтамасыз етіп отыру қажет.

Халықтың қажетін мінсіз өтеу үшін сауда ұйымдары өнеркәсіп орындарына үнемі ықпал жасеп, олардан жоғары сапалы товарларды түр-түрі бойынша көп өндруді талап етіп отыруға тиіс. Өйткені, сауда орындары товарлардың сапасы, сыртқы көрінісінің әдемілігі жөнінде тұтынушылар алдында жауапты. Ал, бұл үшін сауда ұйымдарының басшылары тұтынушылардың керексінуді терең зерттеп біліп, өнеркәсіпорындарынан товарларды осыған қарап алып отыруға міндетті.

Еңбекшілердің қажетін тыңғылықты өтеу ісінде колхоз саудасын жақсартудың зор маңызы бар. Колхоздар мен колхозшылардың артық ауылшаруашылық өнімдерін базарларда, бөрінен бұрын қала базарларына әкеліп сатуын кеңінен ұйымдастырып, бұл істе орын алған кемшіліктерді тез жою керек.

Товар айналымын тездетіп, советтің сауданың мәдениетін жақсарту, тұтынушыларды тыңғылықты қамту ең алдымен кадрларға байланысты. Олай болса, сауда ұйымдарының басшылары сауда жұмысына кадрларды білімі мен іскерлігіне қарай іріктеп алып, оларды дұрыс орналастыруға және тәрбиелеп отыруға тиіс.

Сауда орындарының партия ұйымдары сауда қызметкерлері арасында үгіт-букаралық жұмысты тыңғылықты ұйымдастырып, олардың тұтынушыларды қамтуда мінсіз еңбек етуін қамтамасыз етіп отырулары керек.

Сауда ұйымдары мен кәсіпорындарының жұмысындағы кемшіліктерді батыл жою, совет саудасын жаңа, анағұрлым жоғары саатыға көтеру, сойтіп, тұтынушыларды мәдениетті қамту — совет саудасының барлық қызметкерлерінің борышы.

Келинский баяндама жасады. Кеште А. Гафуровтың атына жіберілген көптеген құттықтаулар жарияланды. Кештің қорытындысында Дағыстан искусствосы шеберлерінің күшімен концерт берілді. А. Гафуровтың жазған сөздері бойынша өндер орындалды, оның шығармалары оқылды.

## Механизаторлар мал шаруашылығы фермаларын салуда

ВЛАДИМИР, 23 ноябрь. (СОТА). Местер шабындық-мелиоративтік станциясының механизаторлары быйылғы жылы тұңғыш рет мал шаруашылығы фермаларын салуға тікелей қатысуда. Максим Горький атындағы колхозда механизаторлар бригадасы қой қорасын және құс тұратын орындар салуды аяқтап келеді. Екінші бір бригада «Прогресс» колхозымен жасасқан шарт бойынша құс тұратын орындар салуда, ағаш материалдарын тасуда, ірі мал және қой қораларын күрделі жөндеуден өткізуде.

Юрьев-Польск МТС-нің механизаторлары мал шаруашылығы орындары-

на арналған қақпаларды, терезе рамаларын және есіктерді құрастыру үшін жұмсалатын құрылыс бөлшектерін шығарады және колхоздар үшін ағаш материалдарын кеседі.

Облыстың машина-трактор станциялары ондаған транспорт бригадаларын құрды. Оларға үй іргелеріне салынатын тастарды, цементті, әкті, ағашты колхоздарға жеткізу міндеті жүктелді. Көптеген МТС-терде құрылыс бригадалары құрылуда, олар колхоздармен жасасқан шарт бойынша мал шаруашылығы фермаларын салуға кірісуде.

тазалауға жолда бар техника қуаты өнімді пайдаланылмайды. Мәселен, бір треймер күніне 4—5 сәғат ғана жұмыс істелінеді. Тұқым тазалауға бөлінген колхозшылар өздеріне берілген жұмыс тапсырмаларын орындамай жүр. Олар жұмысқа өте кеш шығып, ерте қайтуды әдеттеріне айналдырған. Колхозда осы күнге дейін небары 300 центнер тұқым тазаланды.

Егіншілік мәдениетін көтерші, барлық дақылдардан тұрақты әрі мол өнім алуда, сапалы әзірленген тұқым шешуші роль атқарады. Сондықтан да, колхоз басшылары мол өнімнің негізі — тұқым әзірлеудегі кемшіліктерді түзетін, бұл істі батыл жақсартулары керек.

М. ЗАҒЫПАРОВ.



## Ана пілінде

Алматының көркемсуретті және хроникалы фильмдер киностудиясында «Урлап әкету» атты чехословак фильмін қазақ тіліне аудару жұмысы аяқталды.

Бұл — быйыл қазақ тіліне аударылған он бірінші фильм. «Корабльдер қамалдарға шабуыл жасауда», «Неман үстіндегі таң» кинокартиналарын аудару жұмысы аяқталуға жақын.

Жылдың аяғына дейін «Таудағы застава», «Васса Железнова», «Күмістей тозақ» көркем суретті кинофильмдері және «Нол үстіндегі арман» атты итальян кинокартинасы, қазақ тіліне аударылады.

Алматы киностудиясы туысқан Қырғызстанның заказдарын да орындайды. Жуырда «Жібек шаруашылығы» атты киноочерк қырғыз тіліне аударылып болды. Енді «Неман үстіндегі таң» көркем суретті кинокартинасы қырғыз тіліне аударылады.

(ҚазТАГ).

## ҚАЗАҚТЫҢ ЖҮНДЕС ЕШКІЛЕРІ

ССРО Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің комиссиясы Қазақ ССР Ғылым академиясының экспедиция ментік биология институты өсіріп шығарған жүндес ешкілердің жаңа тұқымын сынау жөнінде Алматыда жүргізілген жұмысын аяқтады. Үш жастағы ешкінің салмағы 41—60 килограмм болды және ұзындығы 30 сантиметрге жететін жібектей биязы жүн береді.

Семей облысы, Көкпекті ауданының колхоздарында қазақтың жүндес ешкілерінің саны көзінді өзінде 12 мыңнан асып отыр. Қазақтың жүндес ешкілері Өзбекстанның, Тәжікстанның, Түркменстанның және Қазақстанның ғалымдары мен малшылары өсіріп шығарған Орта Азияның жүндес ешкілерінің жаңа тобына қосылды.

(ҚазТАГ).

— Үкметіміздің зор қамқорлығына бөленіп, білім алдым. Ойлап қарасам, Үкмет мен үшін ғана осында болған 15 жыл ішінде бірнеше он мыңдаған сом қаражат жұмсады. Ал, мен сияқты қорғаныс ба-

## 418 мың сом үнем

А. Н. Микоян атындағы ет-консерві комбинатының ет сылу цехы өткен айларда 50 мың килограмнан астам ет үнемдеді. Ет өнімдерін көп үнемдеу жолындағы социалистік жарыста А. Азмухалитов, Н. Балашова, Ә. Зейнутдинова, К. Минакова жолдастар алда келеді. Бұлар ет сылудың озат әдістерін қолданып, етті барған сайын көп үнемдеуге жетісіп жүр.

Осымен қатар, ет бөліп-жүйелеу цехының коллективі де 36 центнер ет өнімдерін үнемдеді.

10 ай ішіндегі жұмысты қорытындылағанда үнемделген ет өнімдері есебінен завод 173 мың банқ консерві өндіріп, 418 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеген. Ал, өнімнің өзіндік құны жоспарда көрсетілгендегіден 7,3 процент кемітілген.

Б. МӘЛІКОВ.

сының жұмыс істей бастағаны туралы хабарлады. Машина-трактор станциясында бірнеше тракторлар және басқа ауылшаруашылық машиналары бар.

## Албаниядағы күздік егіс

ТИРАНА, (СОТА). Албан телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, Албанияда күздік егіс ойдағыдай жүргізілуде. Быйылғы жылы егіс көлемі өткен жылғыдан 12,5 процент арттырылады. Жаңа машиналармен толықтырылған машина-трактор станциялары шаруаларға зор көмек көрсетуде. Күзгі егіс үшін мемлекет шаруаларға 42 миллион лектен аса ауылшаруашылық қарызын берді.

## Алтай ботаникалық бағында

ЛЕНИНОГОР. (ҚазТАГ). Таудағы Быструха өзенінің алқабында, төңізде деңгейінен мың метр дерлік биікте Алтай ботаникалық бағы орналасқан. Мұнда қар көзінді өзінде тәжірибе аландарын басып, ағаштар мен бұталарды бүркеп тұр. Қыстың түсуімен Ғылыми қызметкерлер ғылыми есептер жасауға кірісті.

Оңтүстік өсімдіктерін жерсіндіру және Алтайдың жабайы өсімдіктерін еңпелі өсімдікке айналдыру жөніндегі тәжірибелер жақсы нәтижелер берді. Тері илейтін бағалы шикізат беретін шағыр өсірудің агротехникасы жасалды. Мұнда бал беретін леузея, хатма, Алтай мамығы, қозышошаған өте жақсы өсе бастады.

Биік таудағы ботаникалық бақтың коллективі оғаш шаруашылығын өркендетуге белсене қатысуда. Мұнда оғаш дақылдарының жүзден аса түрі сыналуда. Быйыл Лениногор төңірегіндегі колхоздармен көмекші шаруашылықтар ботаникалық бақтан картоптың ерте пісетін мол өнімді сорттарынан ондаған центнер тұқым алды. Ауылшаруашылық артельдері мен жеке оғаш өсірушілерге ерте пісетін томат пен капустаның көптеген көшеті берілді.

## ӘРБІР ШАХТАДА КӘСПОДАҚ КЛУБЫ БАР

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). № 8-9 шахтаның кеншілер поселкесінде жаңа клуб ашылды. Мұнымен бірге № 3—бис және № 6—жаңа шахталарында да жаңа клубтар пайдалануға берілді.

№ 55—57 шахтаның клубына кеш болысымен-ақ көп адам жыйналады. Мұнда көркем өнерпаздар үйірмелерінде жүзден аса өңшілер, бишілер, музыканттар бар. Кітапхананың оқу залында көрмелер ұйымдастырылып тұрады.

Кәсіподақ клубы — Жданов атындағы шахта кеншілерінің сүйсініп демалатын орны.

Кәзір бассейндік барлық шахталары мен көмір разрездерінде кәсіподақ клубтары бар.

(ҚазТАГ).



Қазақстанның пионерлері мен мектеп оқушылары халықтық демократия елдеріндегі өздерінің жасөспірім достарымен хат жазысып тұрады. Алматы мектептерінің оқушылары Қытайдан, Чехословакиядан, Болгариядан көптеген хаттар алып тұрады.

СУРЕТТЕ: Алматы қаласындағы № 15 қыз балалар орта мектебінің VII «а» класының оқушылары (солдан оңға қарай) М. Бекішева, В. Соколова, Ш. Садықова, Л. Седова және Р. Яковлева болгар пионерлеріне жауап хат жазып отыр.

## „Алматы“ пиязы

Қазақстанның оңтүстігіндегі колхоздар шалқанды пияздың аудандастырылған «Алматы» жаңа сортының тұқымын дайындауды аяқтады. Пияздың бұл сортын В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы, егіншілік институтының Алматы оғаш-картоп тәжірибе станциясы өсіріп шығарған. Бұл пияздың шаруашылыққа пайдалы ерекше сыйпаты бар. Пияздың тұқымын тікелей ашық далаға сепкенде оның пиязшығы жүз процент дерлік түгел өсіп шығады. Жаңа сорттың өнімі мол, жақсы сақта-

лады, қанты мен «С» витамині көп болады.

Станция пияздың осы сортының агротехникалық тәсілдерін — тұқымды яровизациялау, топыраққа таптап сіңіру, бетін жабу, ерте мерзімде үстеп көректендіру және басқа әдістерін жасап өндіріске енгізуде.

Көптеген колхоздар быйыл «Алматы» пиязының әр гектарынан 15—20 тонна және одан да артық өнім алды.

1954 жылы Қазақстанның оңтүстік облыстарында «Алматы» пиязының егіс едәуір ұлғайтылады.

(ҚазТАГ).



### ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

## Саяси жұмыстарды шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізу—табыс кілті

#### Совет аудандық XX партия конференциясы

Совет аудандық XX партия конференциясы болып өтті. Конференцияда ҚКП аудандық комитетінің секретары Пономарев жолдас аудандық партия комитетінің есебі туралы баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөйлеген делегаттар аудан партия ұйымының өткен конференциядан бергі мерзім ішінде істеген жұмысына талдау жасап, партия комитетінің бастауыш партия, комсомол, кәсіп-олағы ұйымдарына және колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға басшылық етуде бірқатар істеген жұмыстарын айта келіп, кемшіліктерін де батыл сынады.

Өткен конференциядан бергі уақыт ішінде ауданның партия ұйымы өзінің қатарын едәуір нығайтумен бірге, ауыл шаруашылығын оған сайын өркендету беру жүзесінде, СОБН Орталық Комитеті септіябрь Пленумының қаулысына, осыған байланысты Министрлер Советі мен СОБН Орталық Комитетінің соңғы қаулыларын жүзеге асыруда бірсыпыра жұмыс істеген.

Үстіміздегі жылы ауданның колхоздары мен совхоздарында өткен жылмен салыстырғанда қоғамдық мал саны барлық түлкіктен 10,2 процент өскен. Егіс көлемі 10,766 гектарға артқан. Олардың бір-азында мал жайылымын пайдалану, жемішпен дайындау, егіс егу, егін жыйнау жұмыстары ұйымдасқан түрде өткізілетін болған.

Мал шаруашылығын өркендетуде Каганович атындағы, егін шаруашылығының өңірін арттыруда «Колос», «Победа», «Борьба за коммунизм» колхоздары алда келеді. Бірақ, осы колхоздардың және олардағы озат колхозшылардың іс тәжірибелері көпшіліктің игілігіне айналдырылмағандықтан, шаруашылықтың бүд екі саласында әлі де бозса елеулі кемшіліктердің орын алып отырғанын айта кету кажет.

Үстіміздегі жылы ауданның колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда мал өсірудің жылдық жоспары орындалмады. Атап айтқанда бірінші октябрге дейін ауданда сыйыр малын өсіру жоспары небары 72 процент, қой-ешкі —92,4 процент, шошқа —48 процент, күс— 61,2 процент ғана орындалды. Тек жылқы өсіру жоспары ғана 105 процент орындалып отыр. Бұл ауданда мал басын өсіруді қандай кемшілік бар болса, оның өнімділігін арттыруда да сондай кемшілік бар. Осы жылдың өткен айлары ішінде колхозтар бойынша арбоз сауын сыйырдан 887 литрден, совхоздар бойынша 1333 литрден ғана сүт сауылды. Әрбір қойдан 1 килограмм 802 граммнан 2 килограмм 530 граммға дейін жүн қырқылды. 100 аялық мадан 65 құлын, 53 бұзау, 9 торай ғана алынды.

Жекеленген колхоздар мен совхоздарға

шөпшен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілуіне, жайлы қоралармен жабдықтауына, фермалардың қолына іс келетін маман кадрлармен толықтырылуына және олардың тұрақтандырылуына байланысты. Олай болса, Совет ауданының партия ұйымы бұл шараларға жете назір аударып отыр ма? Жоқ. Мұны конференцияда сөйлеген делегаттардың сөздерінде айтылған фактілермен де толық дәлелдеуге болады.

Делегаттар өздерінің сөзінде бйылы ауданда жемішпен дайындау жоспарының 40,2 процент ғана орындалғандығын, мал базаларына шөп тасу жоспарының 30 процент, сабан мен топаңды жыйнау, оны мыйлау жоспарының 15—16 процент ғана орындалғанын, бұл дайындалған шөп пен сабанның қыстың орта шеніне ғана жетерінін айтты. Сонымен қатар, олар «Колос», «Новый быт» колхоздары сыяқты кейбір колхоздарда кәзірдің өзінде малдың жүдей бастағаны, мал шығынының барлығы, мал азығының дұрыс жұмсалмай-тынын жөнінде фактілер келтіріп, бұл колхоздарға аудандық партия комитетінің бюро мүшелері Пономарев, Штина, Живулина, Шалғынбаев жолдастардың тиісті дәрежеде басшылық жасамай келгендігін орыңды сынады.

«Новый путь» колхозында мал азығы тапшы. Солай бола тұрса да, колхоз басшылары мал азығының талап-тарақта тусуына, оның мөлшеріс жұмсалыуына жол берген. Колхоз председатели Бухарева жолдас бұл кемшіліктерді жойып, колхозды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайта беруге басшылық етудің орнына, тұрмыстап азық, маскүнемдікке салынған, колхоз шаруашылығына басшылық етуден қол үзген.

Ауданда егіншіліктің мәдениетін, оның өнімділігін арттыру алға қойылған талаптан әлде қайда төмен. 21 колхоздан небары 2 колхоз ғана ауыспалы егіс жүйесін меңгерген. Рас, аудан бйылы мемлекетке қыстық таныру жоспарын орындады. Бірақ, колхоздарда болсын, совхоздарда болсын жоспарлы өнім алынбады. Картоп, овощ егісінің көлемін ұлғайту ісі өте нашар.

—Мен Шағлы совхозында үш жылдан бері партия ұйымының секретары болып істеймін,—деді Прихненко жолдас,—сонан бері біздің ұйымның жұмысын аудандық партия комитеті бірде-бір рет тексеріп көрген емес. Аудандық комитеттің секретарылары бізге тек телефон арқылы ғана басшылық етеді. Ал, совхозға келе қалса, тек шаруашылық мәселелермен ғана шұғылданады. Партия ұйымының жұмысымен таныспайды. Сондықтан олар совхоз партия ұйымының тұрмысын жете білмейді.

—Бүкіл совет халқымен бірге,—деді

партия ұйымының секретары Дәуітов жолдас делегаттардың назарын колхоздарға партия басшылығын жақсартудың қажеттілігіне аударды. Аудандық партия комитеті, деді ол, саяси басшы орын. Оның секретарылары жергілікті жерде жиі болып, істің жағдайын жете білулері керек. Бірақ, Штина жолдас өзінің бұл міндетін ұғынбай жүр. Ол аудандық партия комитетінің секретары болған өткен мерзімнің ішінде біздің колхозда өте сирек болды. Штина жолдас кенеседен шықпауды әдетке айналдырып жүр.

—Біздің мектепте, — деді Смирнов орта мектебінің директоры Тверитинова жолдас,— мұғалім жеткіліксіз. Оның үстіне оқулық та жетпейді. Сондықтан сабағын үлгермейтін оқушылар көп. Ал, бұл кемшілікті жоюға аудандық партия комитеті, аудандық Совет атқару комитеті және аудандық оқу бөлімі тиісті көмек көрсетпей келеді. Мектепке мен директор болып істеген үш жылдан бері секретарьлардың бірде-бірі келген емес. Осының өзінен-ақ олардың мектептерге жасаған басшылығының қандай дәрежеде болғандығын аңғару қиыны емес.

Аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Губарев жолдас мәдени-ағарту мекемелерінде орын алған кемшіліктерге тоқтала келіп, көп клубтар мен қызыл мүйіздер, деді, өздеріне жүктелген міндеттерді орындай алмай келеді. Олар шын мәнісіндегі мәдениет, үгіт-бұқаралық жұмыстарының орталығына айналырылмай отыр. Бұл кемшілікке мен сөзсіз кінәлімін. Бірақ, аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті басшылары менің өзіме жүктелген уақытте жұмыс істеуіме жағдай жасамай келеді. Мен соңғы кезде колхозға тұрақты өкіл болудан босамай жүрмін.

Делегаттар колхоз, совхоз, МТС басшыларының совет, сауда, денсаулық сақтау, оқу орындары және жергілікті өнеркәсіп қызметкерлерінің алдына өздерінің жұмысын жақсарту жөнінде зор талап қойды. Бұл ұйымдардың жұмысында болған кемшіліктерді батыл сынап, оны жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады.

Делегаттар аудандық Совет атқару комитетінің председатели Живулина жолдас-тап ауданның мал және егін шаруашылығында орын алған кемшіліктердің болған себебін ашып айтты, оны жоюдың нақтылы шараларын көрсетеді той деген үмітте болған еді. Но шайда, Живулина жолдас-тың сөзі делегаттардың бұл ойынан шықпады. Ол мал, егін шаруашылықтарында орын алған кемшіліктерді сырып ашу орнына, өзіне айтылған сынды желеу себептермен жоққа шығаруға тырықты.

Конференцияның жұмысына ҚКП бөлім-ді-лық комитетінің бөлім меңгерушісі Ш...

## РЕДАКЦИЯҒА ЖАТ

### Ұмыт қалдырылған

Сумное селосында бұдан бірнеше жыл бұрын 250 кісілік үлкен клуб үйі бар болатын. Мұнда село жастары көркемөнер үйірмелерінің ойындарын, кинофильмдер көрегін.

Колхоз басшыларының колхозшылардың мәдени тілегін қанағаттандыруды естен шығаруы салдарынан, клуб екі жылдан бері жұмыс істемейді. Клуб жөнделмеген, ішінде пеш және өйнектер жоқ, едендері істен шыққан. Колхоз жастары бірнеше рет клуб үйін жөндеу туралы мәселе көтеріп, оған өздері белсене кіріскен еді. Бірақ, бұл ішкілік бастама колхоз және селолық Совет председателдері тарапынан қолдау таппады.

Сол сыяқты, Сумскі селолық Советінің жанындағы оқу үйі де кітаптарды орналастыратын орын болмағандықтан жұмыс істемей тұр.

Атадан колхоз және селолық Совет басшылары селодағы мәдени-ағарту мекемелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті.

М. АХМЕТОВ,  
Мамлют ауданы.

### Кітапхана кітаппен қамтамасыз етілсе екен

Ленин атындағы орта мектептің (Октябрь ауданы) кітапханасында орыстың ұлы жазушыларының, совет жазушылары мен ақындарының, және дүние жүзі әдебиеті классиктерінің кітаптары өте аз. Әресе, қазақ тіліндегі жаңа саяси және әдеби кітаптар жоқтың қасы. Мәселен, кітапханада орыстың ұлы жазушысы Л. Толстойдың тек орыс тілінде «Анна Каренина» романы мен 2 томдық әңгімелер жыйнағы бар. Ал, Л. Толстойдың қазақ тіліне аударылған кітаптарының бірде-бірі бұл кітапханада жоқ.

Сол сыяқты, кітапхана жаңа саяси және әдеби кітаптармен толықтырылып отырылмайды.

Кітапхана қашан қажетті кітаптармен толық қамтамасыз етілер екен?

Ж. НҰРҚАНОВ.

Ленин орта мектебінің IX-класс оқушысы.

### Қашан көңіл бөледі?

Ленин ауданы Тұңғышқы ауылдық Советінің қамауындағы Қарағай бастауыш мектебінде көзір оқу жұмысын ойдағыдай жүргізуге ешқандай мүмкіншілік жасалмай отыр.

Ең алдымен мектеп қысқы отынмен қамтамасыз етілмеген. Балалар оқығын класс бөлмелері өте суық. Сондықтан да олар сыртқы киіммен отыруға мәжбүр болып жүр. Сол сыяқты, мектеп қажетті керосинмен қамтамасыз

## Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы

ВЕНА, 23 ноябрь. (СОТА) Бүгін Венада «Дреерпарк» үйінде Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы ашылды. Оған Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшелерімен бірге түрлі елдерден келген көптеген қонақтар қатысуда.

Сессияның президиумында Жолио-Кюри, Жан Лаффит, Мао дунь, Изобелла Блом, Эжени Коттон, Пьетро Ненни, Икуэ Ояма, Вальтер Фридрих, Илья Эренбург, Николай Тихонов, бейбітшілікті қорғаудың Халықаралық қозғалысының басқа да көрнекті қайраткерлері бар. Бүгін дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председатели профессор Жолио-Кюри, бейбітшілікті жақтаушылардың австриялық советінің председатели Брандвейнерге сөз берді. Ол сессияға қатысушыларды Австрияның бейбітшілік сүйгіш прогресшіл күштері ұтынан құттықтады.

Бұдан кейін Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің председатели Фредерик Жолио-Кюри ұзақ сөз сөйледі.

Жолио-Кюри сөз сөйлегеннен кейін Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің секретары Жан Лаффит Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бюро-

сы атынан сессияның күн тәртібі туралы және комиссиялар құру туралы ұсыныс енгізді.

Сессия мынадай күн тәртібін қабылдады:

1. Халықаралық алауыздықтар мен жанжалдарды келісімдер жолымен шешу үшін қолданылуға тиісті барлығына да пайдалы қыймылдар (корей және герман проблемаларын реттеу, сүтегі бомбаларына тыйым салу және жаппай қырғынға ұшыратудың барлық құралдарына тыйым салу, қарулануды қысқарту және басқалары).

2. Бейбітшілікті қорғау үшін бүкіл дүниежүзілік кездесулер туралы ұсыныс.

Сессия үш комиссия құру жөнінде қаулы алды:

Саяси комиссия—ол күн тәртібінің бірінші пунктіне жататын мәселелерді талқылайды, ұйымдастыру комиссиясы—ол күн тәртібіне жататын мәселелерді талқылайды және мәдениет жөніндегі комиссия—ол Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің 1954 жылға белгілеген мәдениет саласындағы түрлі шараларын талқылайды.

## ҚХР және КХДР арасындағы экономикалық және мәдени ынтымақтастық туралы келісімге кол қою

ПЕКИН, 23 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлады:

Бүгін мұнда Қытай Халық Республикасы мен Корей Халық-Демократиялық Республикасы арасындағы экономикалық және мәдени ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Қытай және корей халықтары арасындағы дәстүрлі, терең достық қарым-қатнастарды нығайтуды және оған әрі өркендетуді көздейтін бұл келісімге келісу рухында өткізілген дос-

тық келіссөздердің нәтижесінде қол қойылды.

Келісімге қол қойғандар: Қытай атынан мемлекеттік әкімшілік советінің премьері және Орталық Халық Үкметінің сыртқы істер министрі Чжоу Энлай, Корея атынан — Корей Халық-Демократиялық Республикасы Министрлер Кабинетінің Председатели Ким Ир Сен қол қойды.

## Француз халқы „европалық армияға“ қарсы

ПАРИЖ, 23 ноябрь. (СОТА). Кеше Францияның 6 қаласында, оның ішінде Ла-Рошельде, Гаврде, «европалық армия» дейтінді құруға қарсы наразылық білдіруге арналған көп адам қатысқан жыйналыстар болды. Жыйналыстар Батыс Германияны милитарландыруды болдырмау үшін күрестегі бірлік ұранымен өтті. «Либерасьон» газетінің хабарына қарағанда, Ла-Рошельде түрлі кәсіподақ және қоғамдық ұйымдарға жататын 1200 адам, оның ішінде Комму-

нистік партияның мүшелері, «қарсылық білдірудің демократиялық және социалистік одағының» мүшелері және дегөльдік РПФ партиясының мүшелері жыйналған. Ажен қаласындағы жыйналыста Ло және Гаронно департаменттері шаруаларының 900 делегаты Герман вармақтың қайта тудыруға және «европалық армия» деп аталатын договорды жүзеге асыруға қарсы күресті күшейту жөнінде қарар қабылдаған.

## «ЭКОНОМИСТ» ЖУРНАЛЫНЫҢ АҚШ ЖӘНЕ ПАКИСТАН АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫС ОДАҒЫ ТУРАЛЫ ПІКІРІ

ЛОНДОН, 23 ноябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, «Экономист» журналы «Америка, Индия, Пакистан» деген мақаласында Құрама Штаттар мен Пакистан арасындағы соғыс одағының жасалуын Даллестің жоққа шығаруы «Индия мен Пакистан арасындағы барлық қатынастарды

шпеленістің өрши түсуін тоқтатқан жоқ» деп жазады.

Пакистанда шетелдік басалардың құрылуы, деп ескертеді журнал, күрделі мәселе болып табылады, бұл жөнінде «Құрама Штаттар мен Пакистан Англия-мен және Индиямен арасындағы қатынастарды



мал шаруашылығын жетік орындайтын де-бар. Мұндай кемшілік, әсіресе, Сталин атындағы және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарында орын алған. Бұл фактілер негіз көрсетеді? Бұл фактілер ауданның совет, шаруашылық ұйымдарының, әсіресе, партия ұйымдарының қоғамдық мал шаруашылығын сентябрь Пленумы алға қойған талапқа сәй өркендету жөнінде колхоздар мен совхоздарға нақтылы басшылық ете алмай келе жатқанын дәлелдейді.

Мал шаруашылығының ойдағыдай өркендетілуі алдымен малдың құнарлы жем-

тағында болуына байланысты. Колхоздардың де мәдени тілегі өсуі. Олар саяси маамунды, тілі жеңіл, жергілікті жағдаймен тығыз байланыстырылған жақсы лекцияларды, баяндамаларды тыңдағысы келеді. Бірақ, аудандық партия комитетінің секретарьлары Пономарев, Штина, бюро мүшелері Живулина, Колубаткин, Шал-тыбаев, Закиренко жолдастар совхоз жұмысшыларының бұл тілегін орындауға назар аудармай жүр. Тіпті олар біздің совхозда бірде-бір рет не лекция оқыған, не баяндама жасаған емес.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы

Конференция аудандық партия комитетінің жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді. Сонымен бірге, конференция РКП аудандық комитетінің құрамын және облыстық партия конференциясына делегаттар сайлады.

\* \* \*

ККП аудандық комитетінің бірінші пленумы болып, онда ұйымдастыру мәселелері қаралды. Пленум аудандық комитетінің секретарьлары етіп, Ш. Бәліров, Г. Козин, К. Бигожин жолдастары сайлады.

## Мал шаруашылығындағы артта қалушылықты жою — шұғыл міндет

### Петропавл аудандық VIII партия конференциясы

ККП Петропавл аудандық VIII партия конференциясы болып өтті. Конференцияда есепті баяндама жасаған аудандық партия комитетінің секретары Қабдунасов жолда және баяндама бойынша жарыс-сөзде сөйлеген делегаттар аудан партия ұйымының СОБП XIX съезінің директиваларын, сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жолындағы күресте қол жеткен бірқатар табыстарын айта келіп, ауыл шаруашылығы өндірісіндегі елеулі кемшіліктерді атап көрсетті. Конференция делегаттары, әсіресе, колхоздарда мал шаруашылығын өркендетудегі, оның өнімділігін арттырудағы өрескел артта қалушылыққа өрекше тоқталды.

Аудан бойынша мал шаруашылығын өркендетудің быылғы жылдық жоспары өткен он ай ішінде қара малдан — 76 процент, қойдан — 86 процент, шошақ өсіруден — 61,5 процент ғана орындалған. Ал, ірі қара мал өсіру жөніндегі жоспар ауданның бірде-бір колхозында орындалмаған. Малды өз төлі есебінен өсіру ісі мүлдем қанағаттанғысыз. 1953 жылы әрбір 100 аналық малдан бұзау 52,7 процент, қозы 46,3 процент, құлын 65 процент алынса, әрбір мезежінен небары 6 торай ғана алынған.

Колхоздарда сыйыр санын көбейтуді партия ұйымдары мықтап қолға алмай келеді. Бұған аудан колхоздарында қара малда сыйырлардың үлес салмағы 22-ағ процент болып отырғаны толық дәлел. Мұның үстіне өткен жылғымен салыстырғанда аудан бойынша сыйыр саны көп кеміген.

Мал күтімінің нашарлығы салдарынан оның өнімділігі мүлдем төмен болып отыр. Быыл колхоздар әрбір қойдан 3,8 килограмның орнына, 1,9 килограм жүн қырдықты. Чапшев атындағы, Ворошилов атындағы және Димитров атындағы колхоздарда әрбір қойдан қырқылған жүн, тіпті бұдан да аз болды. Сол сыбақты, колхоздарда әрбір сыйырдан сүт сүзүү мөлшері кемін кеткендіктен бұл жөніндегі жоспар аудан бойынша 72 процент ғана орындалды.

Партия ұйымдары мен колхоз басшылары күс шаруашылығын өркендетуде елеулі кемшіліктерге жол берді. Соның салдарынан күс өсірудің барысы өте нашар.

—Мал шаруашылығын өркендетудегі

мұндай төзгісіз жағдай, — деді Қабдунасов жолда, — ең алдымен, жемшөп өндірудің және дайындаудың артта қалуынан болып отыр. Көптеген колхоздарда табиғи шөп-дәңгелдер мен екіле шөптердің шығымдылығы өте төмен. Мұнымен қатар, шөп шабу-дың және шөпті шөмелелеудің, сабанды жыйнап, маялаудың нашар ұйымдастырылуынан жемшөп дайындау жоспары жылдан-жылға орындалмай жүр. Мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстардың баяу механизацияландырылуы фермаларда еңбек өнімділігін арттыруға келергі болып отыр.

—Біздің колхозда, — деді өзінің сөзінде Жамбыл атындағы колхоздың председателі Суворов жолда, — мал азығын дайындау жоспары быыл жартылай ғана орындалған жоқ. Бұған басты себебі шөп шабу-дың нағыз деңгейінде біржарым ай бойына тракторлардың сынып босқа тұруы болды. Бұл жағдай тракторлардың сапасыз жөндеуінен, техниканы толық менгерген механиктер кадрларының жеткіліксіздігінен деп білуіміз керек. Осыған қарамастан біздің колхозды қамтыйтын Петропавл МТС-інде тракторларды жөндеу жұмысы кәзір де нашар жүргізіліп келеді.

Димитров атындағы колхоз партия ұйымының секретары Нагорный жолда, аудандық партия комитетінің төменнен болған дабылға құлақ аспайтынын сынап былай деді:

—Біздің партия ұйымы мал азығын дайындаудың барысы жөніндегі мәліметтерді колхоз басқармасының көзбояушылыққа салынғанын кезінде ашып, бұл жөнінде аудандық партия комитетіне дереу хабарлады. Бірақ, амал не, аудан басшылары бұл дабылдан тиісті қорытынды шығармады.

Чапаев атындағы, «Луч Ленина» колхоздарының председателдері Блекотнюк Бауқенов жолдастар аудандық партия комитетінің қызметкерлері, бюро мүшелер колхоздарда аз болатынын, ал, соның өзінде тек атүрті ғана келіп, колхоздың жағдайымен үстірт танысатынын, мал фермаларында тіпті болмайтындарын қатты сынады.

Аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары Севостьянов жолда өзінің сөзінде аудандық партия комитетінің жұмыс стиліне тоқталды.

—Аудандық партия комитеті, — деді ол, — жоғары партия органдарынан келген директиваларды орындау жөнінде бірқатар шаралар белгіленген қаулылар қабылдайды. Бірақ, ол қаулылардың орындалуына бақылау жасамайды. Сондықтан пленумдарда, актив жыйналыстарында, бюро мәжілістерінде қабылданған мұндай қаулылар көбінесе орындалмай қағаз жүзінде қалады. Аудандық активтер колхоздарға шаруашылық жұмыстарының жайымен танысып, олардағы орын алған кемшіліктерді жоюға кеңес, көмек беру үшін жіберілмей, көбінесе колхоз, МТС басшыларына, ауыл шаруашылығы мамандарына көмекті «сілкілеу жасауға» жіберіледі. Аудандық партия комитетінің бірінші секретары Қабдунасов жолда басшылықты ашырат күшімен, аудан активтерінің күшімен жасаудың орнына, өзі жеке-дара басшылық жасайды. Сөйтіп, партия комитетінің бөлімдері, аудандық Совет атқомі мен оның бөлімдері шеше алатын жұмыстарға дейін араласып, олардың ролін жоққа шығараты. Осылай себептермен партия, совет органдарының қызметкерлерін ескерлікке тәрбиелеу ісі ескерусіз қалып кетеді.

Конференция делегаттары шаруашылықтың барлық салаларында болып келген кемшіліктерді сынаумен бірге, партия ұйымдарының өсуі, коммунистердің саяси және жаппы білімдерін көтеру, еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеу жұмыстарындағы елеулі кемшіліктердің белгісін ашты.

Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің партия, комсомол және ээп-одақ органдары бөлімінің менгерушісі Малавлин жолда қатысып, сөз сөйледі.

Жарысөзде 25 адам сөз сөйледі.

Конференция аудандық партия комитетінің жұмысын жақсартудың нақтылы шаралары белгіленген қаулы алды, аудандық партия комитеті мен тексеру комиссиясының жаңа құрамын және облыстық партия конференциясына делегаттар сайтаты.

\* \* \*

Аудандық партия комитетінің бірінші пленумында аудандық партия комитетінің секретарьлары болып Қабдунасов, Пономарев, Ширяев жолдастар сайланды.

етілмеген. Бұл жағдай мектепте кешке жұмыс істеуге мүмкіншілік бермей отыр.

Ә. АБДРАХМАНОВ,

Ленин ауданы, Қарағай бастауыш мектебінің оқытушысы.

### Жауапсыздық емеспе?

Булаев ауданындағы Ленин атындағы ауылшаруашылық артелінде колхозшылардың басым көпшілігі газет, журнал дарға жазылған. Бірақ, колхоз басқармасы артель мүшелеріне газет, журналдарды кезінде жеткізу ісінде жауапсыздыққа салынып отыр.

Хат-хабарлар Бірінші май почта бөлімшесінен аптасына бір-ақ рет әкелінеді. Оларды тарататын ешкім жоқ. Ал, колхоздың бригадаларына почта 15—20 күнде бір-ақ рет жеткізіледі. Сондықтан да колхозшылар айына әрбір газеттің үш-төрт-ақ номерін алады.

Мұндай жағдай колхоз партия ұйымының секретары Бейсенбин жолдасқа мәлім. Алайда, партия ұйымы тарапынан арнаулы хат тасушы бөлуге көңіл аударылмай келеді.

А. ЗАҒЫПАРОВ.

### ГРЕЦИЯ МЕН АВСТРИЯДА БАҒАНЫҢ ӨСУІ

Грек баспасөзі елде қымбатшылықтың өсіп отырғанын хабарлайды. «Мессаже д'Атен» газеті таблиця жариялаған. Ол таблицядан үстіміздегі жылдың октябрь айында көпшілік тұтынатын товарлардың бағасы үш есе көтерілгендігін және ол бағалардың ноябрь айының алғашқы

10 күнінде 2 есе көтерілгендігін көрсетеді. Австрияда да көпшілік тұтынатын товарлар бағасы өсе түсуде. «Дер Абенд» газетінің хабарына қарағанда, соңғы кезде турлі тоқыма маталарының бағасы елде 10—12 процент өскен.

(СОТА).

### ЛИВИЯДА СОҒЫС БАЗАЛАРЫНЫҢ САЛЫНУЫ

КАИР, 23 ноябрь. (СОТА). «Аль-Кахира» газетінің хабарына қарағанда, Ливияның жерінде соғыс базаларын салу жөнінде АҚШ пен Ливия жасасқан келісім негізінде американ әскерлері, Барка облысындағы Аль-Фатаес ауданын басып алған және онда бомбалау-

шы авиация үшін аэродром салуға кіріскен. Олар Ливияның шаруаларын өз жерлерінен қуып шығуда және атом бомбаларын тастайтын самолеттердің жерден көтерілгенше жүретін жолдарын салуда.

### БАТЫС БЕРЛИН ЖҰМЫСЫЗДАРЫНЫҢ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАРЫ

БЕРЛИН, 21 ноябрь. (СОТА). «Нейес Дейчланд» газетінің хабарына қарағанда, Батыс Берлиннің Нейкельн ауданында (американдық сектор), сол сияқты, Шпандауда және Тиргартенде (ағылшын секторы) 19 ноябрьде жұмыссыздардың

наразылық білдіру демонстрациялары болған. Демонстранттар жұмыс беруді және қысқы жылы киім беруді талап еткен.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

**Жолдас!**  
Сен,  
**ЛЕНИН ТУЫ**  
газетіне жазуң ба?

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ**

1 айға —	4 см 35 т.
3 айға —	13 см 05 т.
6 айға —	26 см 10 т.
1 жылға —	52 см 20 т.

**Бір жылға тұтас жазылыңдар!**

### Киноларда

#### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

##### «ДУШПАНДАР»

Сеанстар (1-сериясы) сағат 4,30-8,10, (2-сериясы) 6,30-10-да басталады.

#### «ОКТАБЬРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

##### «КУМИС ТҮСТІ ТОЗАҢ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

#### Коммуналдық банктен қарыз алғандардың есіне!

1953 жылдың төртінші тоқсаны үшін қарыздарды өтеу мерзімінің 15 декабрьде аяқталуына байланысты, банктен қарыз алғандар өткен тоқсандардағы берешектерін және үстіміздегі тоқсан үшін тиісті берешектерін жоғарыда көрсетілген мерзімге дейін коммуналдық банктің кассасына немесе жергілікті кәсіпорындарының кассаларына, аудандарда мемлекеттік банктің кассаларына өткізуге тиіс.

Коммуналдық банк.

Петропавл қаласындағы Сталин көшесі № 112 үйде тұрушы Жұнысов Николай Андреевич, Петропавл қаласындағы Партизан көшесі № 108 үйде тұрушы Макаренко Валентина Васильевнадан айрылысатынын жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сайлесуге болады.